

## Электр берудің әуе желілерінің тіректерін орналастыру үшін жер учаскелерінің көлемін айқындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 671 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 желтоқсанда № 12585 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 317) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 23.12.2024 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Электр берудің әуе желілерінің тіректерін орналастыру үшін жер учаскелерінің көлемін айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электрэнергетикасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Энергетика министрі

В. Школьник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ С.Омаров

2015 жылғы 26 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 30 қараша

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 26 қарашадағы  
№ 671 бұйрығымен  
бекітілген

## **Электр берудің әуе желілерінің тіректерін орналастыру үшін жер учаскелерінің көлемін айқындау қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Электр берудің әуе желілерінің тіректерін орналастыру үшін жер учаскелерінің көлемін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 317) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр берудің әуе желілерінің тіректерін орналастыру үшін жер учаскелерінің көлемін айқындау тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 23.12.2024 № 483 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **2. Электр беру әуе желілерінің тіректерін орналастыру үшін жер учаскелерінің көлемін айқындаудың тәртібі**

2. Кернеуі 10 киловольтқа (бұдан әрі – кВ) дейінгі қоса алғанда электр берудің әуе желілерінің тіреулерін орналастыру жер учаскесінің ең аз көлемі жер бетінің деңгейінде тіреудің көлденең кесіндісіне тең контурдың ауданы ретінде анықталады.

3. Кернеуі 10 кВ және одан жоғары электр берудің әуе желілерінің тіреулерін орнату үшін жер учаскесінің ең аз көлемі:

1) жер бетіндегі тіреу кескінінің контурынан 1 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта тұрған контурдың ауданы (тартқыштағы тіреу үшін – тіреулерді қоса алғанда) – ауыл шаруашылық мақсатындағы жер учаскелерімен шектесетін 0,8 м-ден аспайтын басқа жер санаттарының жер учаскелерімен шектесетін жер учаскелеріне арналған;

2) жер бетіндегі тіреу кескінінің контурынан 1,5 м қашықтықта тұрған контурдың ауданы (тартқыштағы тіреу үшін – тіреулерді қоса алғанда) – ауыл шаруашылық мақсатындағы жер учаскелерімен шектесетін 0,8 м-ден аспайтын орналастыру тереңдігіндегі көлденең тосқауылдары бар тіреуді орнатуға арналғандардан басқа, жердің барлық санатындағы жер учаскелерімен шектесетін жер учаскелері үшін.

4. Конструкцияда жерге бекітілген тіреу (тартқыш) пайдаланылатын кернеуі 220 кВ және одан жоғары электр беру әуе желілерінің тіреуін орналастыру үшін, жер учаскелерінің ең аз көлемін:

1) барлық санаттағы жердің жер учаскелерімен шектесетін жер учаскелері үшін (ауыл шаруашылық мақсатындағы жерден басқа) – әрбір тіреудің (тартқыштың) сыртқы контурынан жер бетінің деңгейінен 1 м;

2) ауылшаруашылық мақсатындағы жер учаскелерімен шектесетін жер учаскелері үшін - әрбір тіреудің (тартқыштың) сыртқы контурынан жер бетінің деңгейінен 1,5 м қашықтықта тұрған ауданы ретінде анықтауға жол беріледі.

5. Электр беру әуе желілерінің тіреулерін орнату үшін жер учаскелерінің нақты көлемі тіреуді жерге бекіту қажеттілігіне, тіреулердің көлемі мен түрлеріне, топыраққа салмақ түсу қабілетіне және оның тұрақтылығы мен қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында тіреу алаңын инженерлік абаттандыру қажеттілігіне байланысты анықталады.

6. Электр берудің әуе желілерін жобалау кезінде инженерлік іздестіру жүргізу кезеңінде пайдаланатын жер учаскелерінің (жер учаскелерінің бөліктері) көлемі көрсетілген жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттамасында анықталады.

7. Электр берудің әуе желілерін салу, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыру және жөндеу кезеңінде пайдаланатын жер учаскелері (жер учаскелерінің бөліктері) ені шеткі фазалардың осьтері арасындағы қашықтықтан әр жағынан 2 м асатын электр беру әуе желілерінің жалпы ұзындығы бойынша жердің жолағын білдіреді.

Фазалары көлденең орналасқан кернеуі 220, 500 және 1150 кВ электр берудің әуе желілеріне қатысты көрсетілген жұмыстарды жүргізу кезінде пайдаланатын жер учаскелері (жер учаскелерінің бөліктері) әр фаза үшін ені 5 м жердің жеке жолақтарын білдіреді.

Көрсетілген жұмыстарды жүзеге асыру үшін жер учаскелерінің (жер учаскелері бөліктерінің) нақты көлемі электр берудің әуе желілерін құру жобалау құжаттамасына сәйкес монтаждау жұмыстарын жүргізудің қабылданған технологиясына құрылыс талаптары мен әдістері есебінен анықталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК